



Н.Назарбаев:

**Түркіменстанмен
арада
шешілмеген
мәселе жоқ**

02

КЕЛЕШЕК ҮШІН БӘРІМІЗ ЖАУАПТЫМЫЗ!

ҚАЗАҚСТАН

Газет 1992 жылдың 17 қаңтарынан шыға бастады

kazakistanzaman@mail.ru, gazet@kazakhst

ТАБИҒАТ АПАТЫ



**Қызыл су халықтың
мазасын қашырды**

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ

ЖАҢА

ҰЛТТЫ

Онсыз жаңғыру дегеніңіздің қу
айналуы оп-оңай.

Бірақ ұлттық кодымды сақтай
жақсы мен жаманның бәрін, яғн
сенімді нығайтып, алға бастайт
кежегесі кері тартып тұратын, а
әдеттерді де ұлттық сананың а
қоюға болмайтыны анық.

Жаңғыру атаулы бұрынғыдай
мен ұлттық дәстүрлерге шекед

ПАЙДАСЫЗ БОЛСА, ПЕСТИЦИДТІ НЕГЕ ПАЙДАЛАНАМЫЗ?

→ Естеріңізде болса, «Байтақ Болашақ» экологиялық альянсы» Республикалық қоғамдық бірлестігі өткен жылдың қазан айынан бастап өз жұмысына кіріскен болатын. Құрметті президенті болып Мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов бекітілген бірлестік жуырда ғана екінші келелі жиынын өткізді. Алғашқы пікірталас алаңында ГМО мәселесі талқыланып, халыққа кеңінен таныстырылса, бұл жолы эколооияның ғылыми кеңесі «Пестицидсіз және гербицидсіз өмір...» тақырыбын қозғауды жөн санапты. Бірлестік президенті Азаматхан Әміртайдың айтуынша, олар алдымен кең-байтақ даламыздағы астық дақылдары және бау-бақша кәсібімен маманданған аймақтарға арнайы барып, фермерлердің жұмысын бақылап қайтыпты. Бір жағы пестицид, гербицид атаулы көпшілікке беймәлім химикаттар туралы нақты деректер де жинаған. Осы және өзге де өзекті мәселелер жайлы газетіміздің келесі санынан толығырақ оқып білетін боласыздар.



ZAMAN

www.kazakhstanzaman.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТ

man.kz

№16 (1145) 20 СӘУІР 2017 ТАУЫҚ ЖЫЛЫ

Бөлшек саудадағы бағасы келісімді

Нұрсұлтан Назарбаев:

ТҰРПАТТЫ ЖАҢҒЫРУДЫҢ Ң БАСТЫ ШАРТЫ — Қ КОДЫҢДЫ САҚТАЙ БІЛУ



ңғырыққа

деп, бойындағы
пашаққа
сиеттерді де,
шалатын
да сүрлеп

хи тәжірибе
рамауға тиіс

катырмыз деп ойлаймыз. Шын мәнінде олай емес. Біз қай тілдік қауымдастыққа жатсақ, сол тілдік қауымдастықта әйеліміз тіл бар, сол тілдің өзіндік пағдыры бар, біз сол пағдырдың ішінде жүрміз. Бізді қайда апаратынын білмейміз» дейді. Міне, осындай зерттеулерден кейін немістердің экономикасы да көтеріліп, ливингэкономика деген ғылым аласы да Германияда жақсы дамығаны белгілі. Себебі бұл зерттеулер жемісін берді, тіл арқылы Отанды сүйді үйреткен ең, экономикасы да көтерілген. Егер біз де әлемге танылып, экономикамызды көтереміз десек, басқа тілмен, басқа мәдениетпен ешқандай бара алмайтынымызды түсінуіміз керек. Сен өз тіліңмен, өз мәдениетіңмен ғана көрінесің. Мысалы, қазақ тілінде ақпарат аз, ал орыс тілінде ақпарат көп деп, орыс тілді болып кеттім делік. Баламды да орыс мектебіне бердім делік. Сонда мен кіммін? Мен өз анамның катырынан кетіп қалған адаммын. Өзгенің мәдениетіне жол тартқан адаммын. Мен орыстың мәдени кеңістігіне өзіндей болуға алмаймын, олар мені қабылдамайды. Жалбылдаса да, мен оның перифериясында жүрем. Иванға мен керек емеспін ғой. Оның өзінің мың Иваны бар. Джонаға да керек емеспін, оның да өзінің мың Джоны бар. Мен олардан суырылып шығып алға шықсам да, жалғызбын. Мәселен, АҚШ-та жан-жақтан келген түрлі ұлт ғалымдары көп. Ғылымды дамытады, бірақ олардың еңбегі өз ұлтының мәдениетін емес, ағылшын тілді еңістіктің мәдениетін дамытады. Өздері сол мәдени кеңістіктің өкілі болады. Сол кеңістікке ызмет етеді. Сөйтіп, өз этностық қауымынан жырайды. Тіпті солай болған күнде де, ол компьютерде өмір сүреді, көлігі, үйі, жан рақатына жеттің бәрі болады. Шетелдің бір дамыған, қайлы қаласында тұрады, тұрмысында бәрі жақсы болады, бірақ ол өз мәдени кеңістігіне ына төн ғажайып құндылықтарынан айырылады. Сол жағынан қарап отырсақ, қазақ ті-

нысаны. Оны түсінуге отандық инвестордың ақылы жетпей жатыр. Бұл — проблема. Біздің бизнес те, элита да, саяси элита да бар. Бұл — солардың проблемасы. Дәл осы қазір не істеу керек екенін әлі білмеймін. Бірақ болашаққа сенемін, ертең қазақ тілді балалардың ішінен алпауыттан шықсын десек, қазірден бастап баламызды қазақша тәрбиелеуіміз керек. Ешкім жеті атасынан бай болмайды, қайдан білесіз, мүмкін сіздің де балаңыз ертең алпауыт болатын шығар. Ертең солар саясатқа барғанда мұның бәрі өзгереді деп сенемін.

42-26 = 16.

Бұл — зор алшақтық

— Ал енді латын тілі әліпбиіне көшу мәселесіне қалай қарайсыз? Осы тұрғыда ғалымдардың өздері бір шешімге келе алмайды деген пікір бар. Бұл мәселе бір көтеріледі, бір басылып қалады. Қазақстанның латын әліпбиіне қайта оралуы мүмкін бе?

— «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бәрімізді қуантқан, ұлтымыздың болашағын айқындаған нағыз ұлттық ұлы құжатында Елбасы 2017 жылы көшеміз деп тапсырма берді. 2012 жылғы жолдауында 2025 жылға дейін көшейік деді. Демек, сен қозғалды. Латын қарпіне көшу мәселесі ХХ ғ. 90-жылдарынан бері көтерілген. Оның дайын базасы бар. Академик ағамыз Әбдуәлі Қайдарұлы бастап көтерген бұл мәселе бүгінде Институтымызда ғылыми негіздері жағынан жан-жақты зерттелді. Бүкіл түркі посткеңестік мемлекеттері кирилл қарпінен бас тартып, ортақ түркі әліпбиін жасайық деген 90-жылдардағы экономикалық дағдарыс кезінде емес, IT-технологиялар дамыған саяси тұрақтылық кезінде көшкеніміз әбден дұрыс болды. Әліпби жасайтын болсақ, қазақ тілінің тілдік, дыбыстық жүйесін көрсете алатын, екінші, ауызша тілді жазба тілге жеңіл, оңай кодтайтын графика (ауызша мәтінді жазба мәтінге перекодировка жасайтын таңбалар)

болуы керек. Немесе «арақтың нәтижесінде» дейді. Арақтың қайдағы нәтижесі ол? Арақтың салдары, кесірі болады. Қазір «күн райы» дегенді жақсы қолданып жүрген журналистеріміз қуантады. Соны естігенде қуанып қаламын. Біздің үлкен аға ғалымдарымыз, профессор Уәлиев Нұргелді ағай: «қазақта күн райы деп бүгінгі күнгі табиғаттың құбылысын, ал ауа райы деп белгілі бір кеңістіктегі табиғат құбылысын атайды» деп үнемі айтатын. Ауа райы деген орысша айтқанда климат сөзіне сәйкес келсе, күн райы погода дегенге келеді. «Жаңбыр жауады деп күтілуде» (ожидается дождь) деген сияқты қолданыс та көбіейіп кетті. Бізде жазбаша ғана емес, ауызша сөз де сыртқы тілдің (орыс тілінің) әсеріне шалдығып жатқанын көрсетеді бұл мысал. Сол сияқты сөздерді дыбыстағанда сингармонизм заңын сақтамай, тіліміздің интонациялық ерекшелігін бұзып, мәселен, асығып-аптығып сөйлеу сияқты бейнормальдық үрдістер журналистің ауызша сөзінен көрініп қалып жатады. Бәлкім, қазіргі креативті дәстүр шығар, бірақ артынан жау қуып келе жатқандай сөздерінің аяғын жұтып, кідіріс жасайтын жерде демін үзбей, кідіріссіз айтылатын тұста демін үзіп, үздігіп сөйлеу мәнері мода болып бара жатыр ма деп ойлап қаламын кейбір журналистің репортажын тыңдағанда. Мысалы, сөйлем аяқталғаннан кейін кідіріс жасалады. Содан соң келесі сөйлем басталады. Ал кейбір микрофон ұстағандардың ауызша сөзінде бір сөйлем аяқталып, келесі сөйлем басталып, ортасына келген кезде барып кідіріс жасалады. Бәлкім, бұл амал шығар, әрине, дағдылы нәрсені бұзып жіберіп, дағдыдан тыс элементті қолдансаң, жұрттың назары бірден саған ауып, елең ете қалады. Ол жақсы, бірақ сен оны қайта-қайта жасай берсең, оған жұрт елеңдей бермейді ғой. Жұрт назарынан айырылып қаласың. Сондай нәрселерді ескерсе екен, тілтанушылардың кеңестеріне, еңбектеріне жүгінесе екен деген тілек.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан — Бауыржан Қарипов

Қазақ Ұлттық Университеті — мүмкіншіліктер мекені

Бүгінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әлемнің технологиялық дамыған үздік білім ордаларының ішінде алдыңғы шебінде. Ал Орта Азия университеттерінің қатарында тіптен оқ бойы озып тұр.

ҚазҰУ — қала ішіндегі қалашық. Рас, кірген бетте қалағаныңыздың бәрін таба аласыз. Жыл сайын студенттердің жайлы өмір сүруі үшін жағдай жасалынып жатыр. Мәселен, «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы білімгердің бар қажетіне орай қызмет көрсетеді. Мұнда кітап және азық-түлік дүкендері, кинотеатр, сән салоны, диагностикалық орталық бар. Биік-биік, бой түзеген ғимараттарды көрсеніз, жатақханалар деп біліңіз. Өткен жылы мұнда «Ғалымдар үйі» бой көтерді. ҚазҰУ аймағында тегін Wi-Fi желісінің барын да айта кету керек. Университетте білім алатын әрбір студент жеке құпия сөзі мен логині арқылы желіні қалауынша пайдалана алады. Сондай-ақ, қалашықта білім беретін факультеттер, спорт көшені, интернет-кафе бар.

Мұнда индустриялық-инновациялық қызметтен бөлек, оқыту семинарлары, тренингтер, курстар мен консультациялар ұйымдастырылады. Тап айтсақ, студенттерге өте төмен бағада ағылшын, түрік, орыс пәдерінің курстары бар. Жаңа мүмкіншіліктерге жол ашатын технопарк технологиялар трансфертінде жәрдем көрсетіледі. Негізгі қызметі индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру болып табылатын ҚазҰУ технопарк заңды тұлғаларды құруда айтарлықтай маңызға ие. Ер қарапайым инкубаторлар өз түлектерімен етене байланыс жасаса, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әрбір студентімен, әр жобаға үлкен деңгейде қоя отыра жұмыс жасайды. Оларға қажетті жағдай жасап, бәсеке бизнес-жобалардың іс жүзінде жүзеге асуына мән береді. Аталмыш бизнес-инкубатордың табысты компанияларының бірі Tuundy Media ЖШС. Маркетинг, автоматизация, интернет-сайт жа-

сау, мобильді қосымшаларды құрастырумен айналысатын компания қызметкерлерінің барлығы — ҚазҰУ студенттері. Tuundy-лықтардың өнімі ретінде қазіргі уақытта PickmeApp платформасы нарыққа шықты. Ең қуантарлығы, компаниядағылар тек қана табыс таппайды. Университетте оқып жүріп еңбек етілімін дипломмен қоса алып шығады. Ба-стысы, бәсекеге қабілетті маман ретінде қалыптасады.

«Қыран түлегіне қайтпас қанат сыйлайды, ұстаз шөкіртіне талмас талап сыйлайды» демекші, ұстаз — қай кезде де оқу ордасының жүрегі, қоғамның тірегі. Қоғам тұлғаны қаншалықты жетілдірсе, жетілген тұлға қоғамды соншалықты дәрежеде дамытады. Экономистердің қатарын бастаған Б.Ж.Ермекбаева, Л.А.Бимендиева, Ж.Б.Қазбекова, Қ.С.Мұхтарова, Г.А.Садыханова, М.Ж.Арзаева, А.М.Байдильдина секілді ұстаздарымыз әрбір тұлға өмірінде үлкен тәрбие мен таусылмас білім ошағын санасына ұялатты. «Мамандығым — мәртебелі мақтанышым» деп қазір толығымен айта аламын. Ал осы маркетингтің қыр — сырын айтудан болған, үйретіп қана қоймай, тұлға бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі анамыз тәрізді Э.Е. Баймұханбетова, Ж.Т.Қожамқұлова, А.Т.Бейжанова, З.Б.Ахметова, Н.М.Тұрлыбекова, Н.Б.Шуренов, А.Т.Мылтықбаева ұстаздарымызға алғысымды айтып, басымды иемін. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші ұстаз берген білім деңгейімен өлшенеді.

Қазақ Ұлттық Университеті — бағдары айқын, сапалы білім мен ғылым ордасы. Осыны түсіне білген әр білімгерге бұл кеңістікте өте көп мүмкіндіктер бар.

Ажар Қайратбекқызы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Экономика және бизнес Жоғары Мектебі» маркетинг мамандығының 2-курс магистранты